4. Мына түймешікті басыңыз: **8**. Бағдарламаның соңында **2.8** көрінбей қалады да, есікті аша беруге болады. Машинаны сөндіру үшін бағдарлама таңдау тетігін  қалпына қою керек. Кірді машинадан еппен алыңыз да, барабанның бос екендігіне көз жеткізіңіз. Тағы да кір жуғыңыз келмесе су құятын қранды жабыңыз. Зең мен жағымсыз иіс пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.

Күту режимі : бағдарлама аяқталғаннан кейін бірнеше минут өткен соң, қуатты үнемдейтін режим іске қосылады. Бейнебеттің жарықтылығы азаяды. Кез


келген түймешікті басу арқылы құрылғыны қуатты үнемдейтін режимнен шығаруға болады.

ПАЙДАЛАНУ - КЕПТІРУ

Тек кептіру

 **Назарыңызда болсын!**


Мақта мата мен зығыр мата үшін ұсынылатын салмақ мөлшері 3.5 кг, ал синтетикалық заттар үшін 2 кг.

 Сондай-ақ, **Кептіру уақыты** түймешігін басу арқылы 5 кг-ға дейін мақта матаны кептіруге болады («Кептіру бағдарламасы» кестесін қараңыз).

 **Назарыңызда болсын!**

Судың шүмегі ашық тұруға тиіс және су төгетін түтік шұңғылша ішінде тұруға не ақаба су құбырына қосылып тұруға тиіс.

1. Кірді салыңыз.
2. Кірді кептіру нәтижесі өте жақсы болу үшін айналдыру циклын салынған кірдің түріне сай келетін ең жоғары айналдыру жылдамдығында таңдаңыз.
3. Бағдарлама таңдау тетігінің кір кептіру бөлігінен мақта мата не синтетикаға арналған кептіру бағдарламасын таңдаңыз.

4. Егер **автоматты түрде кептіру** функциясын таңдау керек болса (тек мақта мата мен синтетикалық маталардан жасалған заттар үшін), **5** түймешігін қажетті құрғақтық дәрежесіне тиісті белгіше, белгішемен белгіленген бейнебетте көрсетілгенше басыңыз .
5. Егер **уақыты белгіленген кептіру** функциясын таңдау керек болса, **6** түймешігін қажетті уақыт бейнебетте пайда болғанша басыңыз («Кептіру бағдарламасы» кестесін қараңыз). Осы түймешікті әр басқан сайын кептіру уақыты 5 минутқа артып отырады.

Ескерім!

- Бағдарлама уақыты автоматты түрде бірнеше минутқа артып отырады.
6. Мына түймешікті басыңыз: **8** түймешігін басыңыз. Қалған уақыт әр минут сайын жаңартылып отырады.
 7. Бағдарламаның соңында дыбыстық сигнал беріледі. Бейнебетте « **0.00** » нөлдер пайда болады. Есік құлыптаулы белгішесі (**2.8** жанады.

Кептіру циклының соңғы 10 минуты ішінде құрылғы мыжылудың алдын алу кезеңін орындайды. Бұл уақыт ішінде есік құлыптаулы болады. Бейнебетте үш нөл жыпылықтап көрсетіледі: « 0.00 ». Мыжылудың алдын алу кезеңі аяқталған кезде 2.8 белгішесі жоғалады.

- i** Мыжылудың алдын алу циклы басталардың алдында немесе осы цикл орындалып тұрғанда есікті ашу немесе осы циклды кідірту керек болса, кез келген түймешікті басыңыз немесе бағдарлама таңдау тетігін кез келген бағдарламаға (O қалпынан басқа) қойыңыз.

8. Машинаны сөндіру үшін таңдау тетігін O қалпына қойыңыз.
9. Барабаннан кірді алыңыз.

Ескерім!

Әр түрлі мақта маталардың (сүлгі, ақжайма, жейделер т.с.с.) не басқа да кірлердің бұралып қалуы айналдыру циклы кезінде шала кебуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан да, кей жағдайларда циклдың соңында кір аздап дым тартып тұрса, бұралып қалған заттарды жазып, барабанның ішіне біркелкі таратып салыңыз да, 20-30 минуттық қосымша кептіру циклын таңдаңыз.

ПАЙДАЛАНУ - ЖУУ МЕН КЕПТІРУ

ТОҚТАУСЫЗ бағдарлама - Жуу және автоматты түрде кептіру

Мақта мата үшін ең көп салмақ мөлшері — 3.5 кг, синтетика үшін 2 кг.

! Сақтандыру туралы ескерту! Жуу мен кептіру бағдарламаларын орындаған кезде мөлшерлеу құралын/шарды пайдаланбаңыз.

1. Кірді салыңыз.
2. Жуғыш зат пен мата жұмсартқыштан қосыңыз.
3. Бағдарлама таңдау тетігін орнатылған жуу бағдарламасына/ матаға қою арқылы машинаны іске қосыңыз.
4. Тиісті түймешіктерді басып қажетті функцияларды таңдаңыз. Мүмкін болса, кептіру циклы ұзаққа созылмас үшін әрі қуат шығынын азайту үшін машина ұсынған айналдыру жылдамдығынан аз жылдамдықты таңдамаңыз. Дегенмен, айналдыру жылдамдығын тек кептіру функциясын таңдағаннан кейін ғана өзгерте аласыз. Мақта мата мен синтетика үшін таңдауға болатын ең төмен мән — 900 айн/мин.
5. Құрғақтық дәрежесін 5 түймешігін басып орнатыңыз. Бейнебетте жуу бағдарламасының жалпы ұзақтығы

мен орнатылған кептіру циклы пайда болады.

6. Бағдарламаны 8 түймешігін басып бастаңыз. Қалған уақыт әр минут сайын жаңартылып отырады.
7. Машинаны өшіру үшін бағдарламаның соңында таңдау тетігін O қалпына қойыңыз. Кірді алып шығыңыз.

ТОҚТАУСЫЗ бағдарлама - Жуу және уақыты белгіленген кептіру

Мақта мата үшін ұсынылатын жүк салмағы — 3.5 кг, синтетика үшін 2 кг.

- i** Мақта матаны 5 кг-ға дейін кептіруге болады («Кептіру бағдарламасы» кестесін қараңыз).

! Сақтандыру туралы ескерту! Жуу мен кептіру бағдарламаларын орындаған кезде мөлшерлеу құралын/шарды пайдаланбаңыз.

1. Кірді салып, жуғыш зат пен мата жұмсартқышын қосыңыз.
2. Бағдарлама таңдау тетігін орнатылған жуу бағдарламасына/ матаға қою арқылы машинаны іске қосыңыз.
3. Тиісті түймешіктерді басып қажетті функцияларды таңдаңыз. Мүмкін болса, кептіру циклы ұзаққа созылмас үшін әрі қуат шығынын

азайту үшін машина ұсынған айналдыру жылдамдығынан аз жылдамдықты таңдамаңыз.

Дегенмен, айналдыру жылдамдығын тек кептіру функциясын таңдағаннан кейін ғана өзгерте аласыз.

Мақта мата мен синтетика үшін таңдауға болатын ең кіші мән минутына 900 айналым, ал тоқыма заттар үшін минутына 700 айналым.

- Кептіру уақытын **5** түймешігін басып орнатыңыз. Бейнебетте жуу

бағдарламасының жалпы ұзақтығы мен орнатылған кептіру циклы пайда болады.

- Бағдарламаны **8** түймешігін басып бастаңыз. Қалған уақыт әр минут сайын жаңартылып отырады.
- Машинаны өшіру және кірді алып шығу үшін бағдарламаның соңында таңдау тетігін **0** қалпына қойыңыз.

ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР

Жуылатын кірді сұрыптау

Әрбір киімнің затбелгісіндегі жууға қатысты белгішелерге мұқият назар аударып, өндірушінің жууға қатысты нұсқауларын орындаңыз. Киімді төмендегідей сұрыптау керек: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік мата, жүн тоқыма.

Температуралар

95° не 90°	қалыпты кірленген ақ мата не зығырдан жасалған заттарға (мысалы, шай сулықтары, сүлгі, үстел жапқыштар ...) арналған
60°/50°	қалыпты кірленген, бояуы тез шығатын зығыр, мақта не жасанды талшықтан жасалған киімдер(мысалы, жейде, жатарда киілетін көйлек, пижама...) мен аздап кірленген ақ мақта киімдерге (мысалы, іш киім) арналған
40°-30°-Суық	нәзік мата (мысалы, тор перде), синтетика мен "таза әрі жаңа, машинада жуылатын, тартылмайтын жүн" деген затбелгісі бар жүн тоқыма аралас кір легіне арналған.

Жуылатын кірді салмас бұрын

Ақ және түрлі-түсті киімдерді ешқашан бірге жумаңыз. Ақ киімнің "ақтығы" жуу барысында бозарып қалуы мүмкін. Жаңа түрлі-түсті киімдерді ең алғаш рет жуғанда бояуы шығуы мүмкін; сондықтан да оларды алғашқыда жеке-жеке жуу қажет.

Жуылатын кірдің ішінде ешбір темір заттың қалып қоймауын қадағалаңыз

(мысалы, шаш қыстырғыш, булакка, түйреуіштер).

Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеу не ұзын таспалар болса оларды байлаңыз.

Оңай арылмайтын дақтарды кір жууды бастамай тұрып кетіріп алыңыз.

Дақтанған жерлердің бір өзін арнайы жуғышпен не жуғыш қоймалжыңмен ысқылап сүртіңіз.

Перделерді ерекше баппен тазалаңыз. Ілгектерін алыңыз не болмаса қалта не торға салып буыңыз.

Жүктің максимум салмағы

Кірдің ұсынылатын салмағы жуу бағдарламалары кестелерінде берілген. Негізгі ережелер:

- Мақта, зығыр мата:** кір барабанға толтырыла, бірақ аса тығыздалмай салынады;
- Синтетика:** кір барабанның орта шегінен асырылмай салынады;
- Нәзік мата мен жүн тоқыма:** кір барабанның үштен біріне дейін ғана толтырылады;

Максимум салмақ су мен қуатты неғұрлым тиімді пайдалануды мүмкін етеді.

Аса кірлеген заттарды жуарда, салынатын кірдің мөлшерін азайтыңыз.

Кірдің салмағы

Төмендегі салмақтар тек жалпылама ұсыныс ретінде ғана берілген:

Төмендегі салмақтар тек жалпылама ұсыныс ретінде ғана берілген:	
монша халаты	1200 г
көрпе жапқыш	700 г
ерлердің жұмыс жейдесі	600 г
ақжайма, ерлер пижамасы	500 г
үстел жапқыш	250 г
жастық тысы, сүлгі, жатарда килетін көйлек, ерлер жейдесі	200 г
сулық, әйелдердің іш киімі, майлық, блузка, ерлердің іш киімі	100 г

Дақтарды кетіру

Оңай кетпейтін дақтарды тек су мен жуғыш зат арқылы кетіре алмауыңыз мүмкін. Сондықтан да бұндай дақтарды кірді жумай тұрып кетіріп алған дұрыс.

Қан: жаңа түскен дақты суық сумен жуыңыз. Кеуіп кеткен дақтарды арнайы жуғыш зат салынған суға салып түні бойы жібітіңіз де, содан соң сабынды суға салып ысқылаңыз.

Майлы сырдан қалған дақ: дақ кетіргіш бензинмен жібітіңіз де, киімді жұмсақ матаның үстіне қойып, дақты сіңіріп алыңыз; осыны бірнеше рет қайталаңыз.

Кеуіп қалған май дақтары: скипидармен жібітіңіз де, киімді жұмсақ заттың үстіне қойып, мақтадан жасалған матаны даққа қойып, оны саусағыңыздың ұшымен басып сіңіріп алыңыз.

Тот: ыстық суға ерітілген қымыздық қышқылы не суықтай пайдаланылатын тот кетіргіш зат. Көнерген тот дақтарын тазалағанда абай болыңыз, себебі талшық құрылымына әлдеқашан нұқсан келгендіктен мата тесіліп кетуге бейім тұрады.

Зең дақтары: ағартқышпен сүртіңіз де мұқият шайыңыз (ақ не бояуы тез шығатын түсті киімдер үшін ғана).

Шөп нілі: аздап ғана сабындап ағартқышпен сүртіңіз(ақ не бояу тез шығатын түсті киімдер үшін ғана).

Шарикті қалам не желім: ацетонмен жібітіңіз ²⁾, киімді жұмсақ матаның үстіне қойып, дақты сіңіріп алыңыз;

Далап: жоғарыда көрсетілгендей ацетонмен жібітіңіз де, содан соң дақты этил спиртімен сүртіңіз. Кез келген қалып қойған дақты ағартқышпен сүртіңіз.

Қызыл шарап: жуғыш зат салынған суға жібітіңіз де, сірке не лимон қышқылымен сүртіңіз, содан соң шайыңыз. Кез келген қалып қойған дақты ағартқышпен сүртіңіз.

Сия: сияның түріне қарай алдымен матаны ацетонмен ²⁾, содан соң сірке қышқылымен жібітіңіз; ақ матада қалып қойған кез келген дақты ағартқышпен сүртіңіз де, содан соң мұқият шайыңыз.

Шайыр дақтары: алдымен дақ кетіргіш, этил спирті не бензинмен сүртіңіз, содан соң жуғыш қоймалжықмен ысқылаңыз.

Жуғыш заттар мен қоспалар

Жуған кезде жақсы нәтижеге жету сондай-ақ, жуғыш затты дұрыс таңдап алу, оны босқа ысыраптамай және қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей тиісті мөлшерде пайдалануға да байланысты.

Сонымен қатар сіңіп кететін заттардың құрамында, мөлшері шамадан тыс көп болған жағдайда табиғаттың үйлесімін бұзуы мүмкін заттар кездеседі.

Жуғыш затты таңдау матаның түріне(нәзік мата, жүн тоқыма, мақта мата т.б.), түсіне, жуу температурасына және қаншалықты кірленгендігіне байланысты болады.

Әдетте кір жуғыш машинада пайдаланылатын жуғыш заттардың барлығын да осы машинада қолдануға болады:

- матаның барлық түрлеріне арналған ұнтақ жуғыштар
 - нәзік мата(макс. 60°C) мен жүн тоқымаларға арналған ұнтақ жуғыштар
 - матаның барлық түрлеріне не әсіресе, жүн заттарға ғана арналған төменгі температурада жуатын бағдарламаларға(макс. 60°C) арналған сұйық жуғыш заттар.
- Жуу бағдарламасын бастамас бұрын жуғыш зат не басқа да пайдаланылатын қоспалар тиісті үлестіргіштер қорапшасына салынуға тиіс.

2) жасанды жібекті тазалауға ацетонды пайдаланбаңыз

Сұйық жуғыш затты пайдаланғанда алдын ала жуу функциясы **ЖОҚ** бағдарламаны таңдау қажет. Кір жуғыш машина жуғыш зат концентратын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін араластырғыш жүйемен жабдықталған. Өнім өндірушісінің жуғыш затты пайдалану мөлшеріне қатысты ұсыныстарын орындаңыз, оны **үлестіргіш қорапшасындағы "MAX" мөлшерінен асырмай салыңыз**.

Су кермектігінің деңгейі

Судың кермектігі "деңгей" арқылы өлшенетін өлшеммен анықталады. Жергілікті жердегі судың кермектігі туралы ақпаратты сумен жабдықтайтын компания не жергілікті әкімшілік мекемеден алуға болады.

i Судың кермектігі орташа-жоғарғы деңгейде болса(II деңгейдегі

кермектіктен бастап) онда су жұмсартқыштан қосу керек. Өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Жуғыш заттың мөлшерін содан соң әрқашан су кермектігінің деңгейіне I (= жұмсақ) сай келтіріп алуға болады.

Деңгейі	Сипаттамасы	Су кермектігінің деңгейі	
		Германия °dH	Франция °Т.Н.
1	тұщы	0-7	0-15
2	орташа кермек	8-14	16-25
3	кермек	15-21	26-37
4	аса кермек	> 21	> 37

ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР

Кептіру цикліне дайындық жасау

Бұл машина кептіргіш құрылғы ретінде конденсат жасау принципі бойынша жұмыс жасайды.

Сондықтан су шүмегі ашық тұруға, су ағызатын түтік суды раковинаға не ақаба су құбырына, тіпті кептіру циклы кезінде де ағзып отыруға тиіс.

Назар аударыңыз!

Кептіру бағдарламасын бастамас бұрын, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жуылған кірдің мөлшерін азайтыңыз.

Кептіруге жарамайтын кірлер

- Синтетикадан жасалған перде тәрізді ерекше нәзік заттарды, жүн және жібек мата, темір қондырғымдары бар киімдер, капрон шұлықтар, күрте, төсек жапқыш, көрпе, туристік төсек, көрпеше тәрізді үлкен заттарды машинада кептіруге болмайды.
- Қошқыл түсті киім-кешекті сүлгі тәрізді түгі бар ашық түсті заттармен бірге кептірмеңіз, себебі оларға түк жабысып қалуы мүмкін.
- Құрылғы кептіру циклын аяқтаған соң кірді алып шығыңыз.
- Кептіру циклы аяқталған кезде статикалық зарядталу болмас үшін,

кірді мата жұмсартқыш қосып жуу керек не кір кептіргіштерге арналған мата кондиционерін пайдалану қажет.





- Астары кеуек резеңкеден не соған ұқсас материалдан жасалған киімді машинада кептіруге болмайды; мұндай заттар өрт қатерін тудырады.
- Сонымен қатар, лосьон не шаш бүріккіші, тырнақ бояуын тазалағыш не соған ұқсас еріткіш заттың дақтары қалған киімді, зиянды бу пайда болмас үшін машинада кептіруге болмайды.

Жуу бағдарламасын бастамас бұрын жуғыш зат не басқа да пайдаланылатын қоспалар тиісті үлестіргіштердегі қорапшаларға салынуға тиіс.

Сұйық жуғыш затты пайдаланғанда алдын ала жуу функциясы **ЖОҚ** бағдарламаны таңдау қажет. Кір жуғыш машина жуғыш зат концентратын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін араластырғыш жүйемен жабдықталған. Өнім өндірушісінің жуғыш затты пайдалану мөлшеріне қатысты ұсыныстарын орындаңыз, оны **үлестіргіш қорапшасындағы "MAX" мөлшерінен асырмай салыңыз**.

Киімнің затбелгісі

Кірді өндірушінің затбелгілерде көрсеткен нұсқауларын орындап кептіріңіз:

-  = Машинада кептіруге болады
-  = Жоғары температурада кептіріледі
-  = Азайтылған температурада кептіріледі
-  = Машинада кептірмеңіз.

Кептіру циклінің ұзақтығы

Кептіру уақыты төмендегі себептерге байланысты өзгеруі мүмкін:

- соңғы айналдыру циклінің жылдамдығы
- қажетті құрғақтық (үтіктеуге қажетті құрғақтық, сақтауға қажетті құрғақтық)
- жуылатын кірдің түрі

- салынатын жүктің салмағы. Уақыты есептелген кептіру цикліне арналған орташа кептіру уақыты "Кептіру бағдарламалары" тарауында берілген. Жинаған тәжірибеңіз матаның әртүрін ескере отырып, кірді неғұрлым тиімді жолмен кептіруге көмектеседі. Әлдеқашан орындалған циклдердің кептіру уақытының ұзақтығын жазып белгілеп қойыңыз.

Қосымша кептіру

Кептіру циклі аяқталғаннан соң кір әлі де дымқыл күйде тұрса, қысқа кептіру бағдарламасын қайта таңдаңыз.



Назарыңызда болсын! Мата не киім құрысып не отырып қалмас үшін шамадан тыс кептіріп жібермеңіз.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Бағдарлама – Максимум және минимум температура – Цикл сипаттамасы – Максимум айналдыру жылдамдығы – Жүктің максимум мөлшері – Кірдің түрі	Функциялар	Жуғыш зат қорапшасы
Мақта мата 90° - Суық Негізгі жуу – Шаю циклдары Ең үлкен жылдамдықта айналдыру Ең үлкен салмақ 7 кг – Азайтылған салмақ 3.5 кг Ақ және түрлі-түсті мақта мата (қалыпты кірлеген заттар).	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ ТАЙМЕР ¹⁾	 
Мақта мата + алдын ала жуу 90° - Суық Алдын ала жуу - Негізгі жуу – Шаю циклдері Ең үлкен жылдамдықта айналдыру Ең үлкен салмақ 7 кг – Азайтылған салмақ 3.5 кг Алдын ала жуу циклі бар Ақ және түрлі-түсті мақта маталар (қатты кірленген заттар).	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ ТАЙМЕР ¹⁾	 ²⁾  
Синтетика 60° - Суық Негізгі жуу – Шаю циклдары Ең үлкен айналдыру жылдамдығы минутына 900 айналым Ең үлкен салмақ 3.5 кг – Азайтылған салмақ 1.5 кг Синтетика не аралас мата: іш киім, түрлі-түсті киім-кешек, отырып қалмайтын жейделер, кеудешелер.	АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ ТАЙМЕР ¹⁾	 

Бағдарлама – Максимум және минимум температура – Цикл сипаттамасы – Максимум айналдыру жылдамдығы – Жүктің максимум мөлшері – Кірдің түрі	Функциялар	Жуғыш зат қорапшасы
<p>Нәзік мата 40° - Суық Негізгі жуу – Шаю циклдары Ең үлкен айналдыру жылдамдығы минутына 700 айналым Ең үлкен салмақ, кг 3.5 - Азайтылған салмақ, кг 1.5 Нәзік маталар: акрил, вискоза, полиэстер.</p>	<p>ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ ТАЙМЕР ¹⁾</p>	
<p>Жүн мата/Қолмен жуу 40° - Суық Негізгі жуу – Шаю циклдары Ең үлкен айналдыру жылдамдығы минутына 1000 айналым Ең үлкен салмақ 2 кг Машинада жууға болатын жүн мата, сондай-ақ қолмен жууға болатын жүн тоқыма мен нәзік маталарға арналған бағдарлама.</p>	<p>АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ</p>	
<p>Шаю циклі Шаю – Ұзақ айналдыру Ең үлкен жылдамдықта айналдыру Ең үлкен салмақ 7 кг Бұл бағдарлама арқылы қолмен жуылған, мақта матадан жасалған киім-кешектерді шаюға және айналдыруға болады. Шаю қарқынын үдету үшін ҚОСЫМША ШАЮ бағдарламасын таңдаңыз. Құрылғы бірнеше шаю циклын қосады.</p>	<p>АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ</p>	
<p>Суды төгу Суды төгу Ең үлкен салмақ 7 кг Суы төгілмей аяқталатын функциясы бар бағдарламалардың соңғы шаю циклінің суын төгуге арналған.</p>		
<p>Айналдыру Суды төгу және ұзақ айналдыру Ең үлкен жылдамдықта айналдыру Ең үлкен салмақ 7 кг Қолмен жуылған киім және суы төгілмей аяқталатын функциясы бар бағдарламалардан кейін қолданылатын бөлек айналдыру. Тиісті түймешікті басып, айналдырылатын матаға сай келетін айналдыру жылдамдығын таңдап алуға болады.</p>	<p>АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ</p>	
<p>Мақта мата үшін үнемдеу 90° - 40° Негізгі жуу – Шаю циклдары Ең үлкен жылдамдықта айналдыру Ең үлкен салмақ 7 кг Ақ және бояу берік мақта мата . Бұл бағдарламаны шамалы не қалыпты кірлеген мақта матадан жасалған заттар үшін таңдауға болады. Температура төмендейді де, жуу уақыты ұзарады. Бұл қуатты осылай үнемдей отырып, жуу нәтижесін жақсартуға көмектеседі.</p>	<p>АЙНАЛДЫРУДЫ АЗАЙТУ ТҮНГІ ЦИКЛ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЙНАЛДЫРМАУ ҚОСЫМША ШАЮ</p>	

Бағдарлама – Максимум және минимум температура – Цикл сипаттамасы – Максимум айналдыру жылдамдығы – Жүктің максимум мөлшері – Кірдің түрі	Функциялар	Жуғыш зат қорашасы
Кептіру - Синтетика Синтетиканы кептіру бағдарламасы. Оны уақыты белгіленген кептіру немесе автоматты түрде кептіру функциясымен пайдалануға болады (кептіру дәрежесі: үтіктемеу).		
Кептіру - Мақта мата Мақта матаны кептіру бағдарламасы. Оны уақыты белгіленген кептіру немесе автоматты түрде кептіру функциясымен пайдалануға болады (кептіру дәрежесі: өте құрғақ, үтіктемеу, үтіктеу).		
O = OFF Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны біржола тоқтатуға не машинаны өшіруге арналған.		

1) Егер Аса Жылдам функциясын 9 түймешігін басу арқылы таңдасаңыз, ең үлкен салмақты осы кестеде көрсетілгендей азайтуды ұсынамыз. Машинаға кірді толтыра салуға болады, бірақ кір жуу нәтижесі аздап төмендейді. "Кірді жаңарту" немесе "Қатты жаңарту" параметрін таңдасаңыз, салмақты одан да азайтуды ұсынамыз.

2) Сұйық жуғыш затты пайдаланғанда, АЛДЫН АПА ЖУУ функциясы жоқ бағдарламаны таңдау қажет.

Кептірілген киімдерге арналған БУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ¹⁾ Цикл сипаттамасы	Ұзақтық	Салмақ
Мақта матаны бумен өңдеу Бұл цикл мақта мата немесе зығырдан жасалған 1-4 жейденің (100% мақта талшықтары), екі джинсы шалбардың қыртыстануы мен қатпарларын жазады.	30 минут	1 кг-ға дейін
Синтетиканы бумен өңдеу Бұл цикл 1-5 синтетика жейде немесе 1 кг аралас матаның (талшықтарының мөлшері әр түрлі пайыз бойынша) және 1 кг-ға дейін 100% синтетика матаның қыртысын жазады. Жібек мата немесе жүн матаны да салуға болады.	20 минут	1 кг-ға дейін
Буман жаңарту Бұл цикл мақта мата және синтетика киімдердің иісін кетіреді ²⁾ . Бу киімнен шығатын аңның иісін кетірмейді.	25 минут	1 кг-ға дейін

i Ешбір жуғыш зат қолданбаңыз. Егер қажет болса, киімді жеке жуу немесе дақ түскен жерін тазарту арқылы дағын кетіріңіз.
Бу бағдарламалары ешбір зарарсыздандыру циклін орындамайды.

1) Пайдалануға қатысты ақпараттардың барлығы төк жалпылама нұсқаулық ретінде ғана берілген. Кірдің қыртысын жазу, таңдалған бағдарлама мен текстиль сапасы мен ішіне қандай зат салынғанына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Қажет жағдайда, нәтижені басқа бағдарламаны қолдану не бу мөлшерін арттыру арқылы жақсартуға болады.

2) Төмендегі киімдерді Бу циклі бойынша жаңартуға болмайды:

- Затбелгісінде "Кептіргіш машинада кептіруге болады" деген жазуы жоқ
- темір, ағаш немесе сол сияқты заттар тағылған киімдердің барлығын.

КЕПТИРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Автоматты бағдарламалар

Кептіру дәрежесі	Матаның түрі	Кірдің ең үлкен салмағы
ӨТЕ ҚҰРҒАҚ Сүлгі материалдары үшін тамаша жарайды	Мақта және зығыр мата (монша халаты, монша сүлгілері т.с)	3.5 кг
ҮТІКТЕМЕУ Үтіктемстен алып қоюға болатын заттарға арналған	Мақта және зығыр мата (монша халаты, монша сүлгілері т.с)	3.5 кг
ҮТІКТЕМЕУ Үтіктемстен алып қоюға болатын заттарға арналған	Синтетика және аралас маталар (джерпер, блуза, іш киім, төсек жайма)	2 кг
ҮТІКТЕУ Үтіктеуге жарамды	Мақта және зығыр мата (ақжайма, дастарқан, жейделер т.с.с.)	3.5 кг

Уақыты есептелген бағдарламалар

Кептіру дәрежесі	Матаның түрі	Кептірілетін кір	Айналдыру жылдамдығы	Ұсынылатын кептіру уақыты, мин.
ӨТЕ ҚҰРҒАҚ Сүлгі материалдары үшін тамаша жарайды	Мақта және зығыр мата (монша халаты, монша сүлгілері т.с)	5 кг 3.5 кг 1.5 кг	1600	175-195 95-105 40-50
ҮТІКТЕМЕУ Үтіктемстен алып қоюға болатын заттарға арналған	Мақта және зығыр мата (монша халаты, монша сүлгілері т.с)	5 кг 3.5 кг 1.5 кг	1600	165-185 85-95 35-45
ҮТІКТЕМЕУ Үтіктемстен алып қоюға болатын заттарға арналған	Синтетика және аралас маталар (джерпер, блуза, іш киім, төсек жайма)	2 кг 1 кг	900	70-80 35-45
ҮТІКТЕУ Үтіктеуге жарамды	Мақта және зығыр мата (ақжайма, дастарқан, жейделер т.с.с.)	5 кг 3.5 кг 1.5 кг	1600	135-155 65-75 30-40



Еуропалық Одақтың EN 50229 ережесіне сай "Қуат тақтайшасында" берілген мәндерге сай ұсынылып отырған мақта

мата бағдарламасын, жуылатын заттың максимум мөлшерін екі тең бөлікке бөліп, олардың әрбірін КЕПТИРУ УАҚЫТЫ арқылы кептіріп, сынақтан өткізу қажет.

КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

⚠ Назарыңызда болсын! Тазалау не жөндеу жұмыстарын жүргізбес бұрын құрылғыны міндетті түрде электр желісінен ажыратуыңыз қажет.

Қақ тазалау

Біз пайдаланатын судың құрамында әдетте әк болады. Су жұмсартқыш ұнтақты машинада мезгіл-мезгіл пайдаланып отырған дұрыс. Бұны кір жумай тұрған кезде, жұмсартқыш

ұнтақты өндірушінің нұсқауларына сай орындаңыз. Бұл әк қағының жиналып қалуынан сақтайды.

Әрбір жуу циклі аяқталған соң

Есікті біраз уақыт ашып қойыңыз. Бұл құрылғының ішінде зең пайда болып не борсық иіс тұрып қалудың алдын алуға көмектеседі. Әрбір жуу циклі аяқталған соң құрылғының есігін ашық қалдыру, есіктің тығыздағышын қалыпты күйде сақтауға көмектеседі.

Тазалау үшін жуу

Төмен температурадағы бағдарламаларды пайдаланған кезде барабанның ішіне қалдық жиналып қалуы мүмкін.

Машинаны тазалау мақсатында жуу бағдарламасын мезгіл-мезгіл орындап отыруды ұсынамыз.

Жуу бағдарламасын машинаны тазалау мақсатында орындау үшін:

- Барабанға ешбір кір салынбауға тиіс.
- Мақта матаны жууға арналған бағдарламаны ең жоғарғы температураға қойып таңдаңыз.
- Жуғыш затты қалыпты мөлшерде пайдаланыңыз, ол биологиялық қасиеті бар ұнтақ зат болуға тиіс.

Сыртын жуу

Құрылғының сырт жағын сабынды сумен жуыңыз да, содан соң мұқият құрғатыңыз.


Өте маңызды! Құрылғыны жуу үшін метил спирті, еріткіштер не сол сияқты заттарды пайдалануға болмайды.

Үлестіргіш қорапшасын тазалау


Жуғыш зат үлестіргіштің қорапшасын мезгіл-мезгіл тазалап отыру қажет.

Жуғыш ұнтақ пен қоспалар үлестіргішінің қорапшасын мезгіл-мезгіл тазалап отыру қажет.


Қорапшаның ұстағышын төмен басып тұрып сыртқа тартып шығарыңыз.



Оны су шүмегінің астына қойып тұрып, ұнтақтың қандай да бір жиналып қалған қалдығы болса оны шайып кетіріңіз. Тазалық жасау оңай болу үшін қоспа салынатын қорапшаның үстіңгі жағын алып қою қажет. Барлығын суға салып жуыңыз.



Үлестіргіш суырма тұратын камераны шөткемен тазалаңыз.



Жуғыш барабан


Жуатын судың құрамындағы тот пайда болдыратын заттар мен құрамында темірі су құбырының суы, барабан ішінің тот басуына себеп болуы мүмкін.

Өте маңызды! Барабанды құрамында қышқылы бар қақ кетіргіштермен, хлоры бар жеміргіш заттармен, немесе темір не болат жөкемен тазаламаңыз.

1. Барабандағы тотты тот баспайтын болатқа арналған тазалағышпен тазартыңыз.
2. Тазалағыш заттың қалдығын арылту үшін жуу циклін ешбір зат салмастан орындап шығыңыз.
Бағдарлама: Мақта матаға арналған қысқа бағдарламаны максимум температураға қойып, шамамен мөлшерлегіш ыдыстың 1/4 бөлігіне салынған жуғыш заттан салыңыз.

Есік тығыздағышы

Есіктің тығыздағышын мезгіл-мезгіл тексеріп, оның қатпарларының арасына тұрып қалуы мүмкін заттарды алып қойыңыз.



Су сорғыш


Су сорғышты уақытылы тексеріңіз, әсіресе:

- машина суы сарқылмаса және/не ол айналмаса;
- суды төккен кезде түйреуіш, тиын т.б. заттар сорғышты бітеп тастаса, машинадан өзіне тән емес шуыл шығады.
- су төгуге қатысты ақаулық орын алды (қосымша ақпаратты “Келесі жағдайда не істеу керек...” тарауынан алыңыз).


! **Назарыңызда болсын!** Сорғыштың есігін ашардың алдында құрылғыны сөндіріп, ашасын розеткадан алыңыз.

Келесі әрекеттерді орындаңыз:


1. Құрылғыны ажыратыңыз.
2. Қажет болса су суығанша күтіңіз.
3. Сорғыш есігін оның кертігіне тиын салып тұрып көтеру арқылы (не нұсқаулық кітапша салынған қалтада болуы мүмкін арнайы құралды пайдаланыңыз, құралдың түрі машина үлгісіне байланысты) ашыңыз.



4. Жалпақ шыныаяқты су төгілсе құйып алу үшін сорғышқа жақын қойыңыз.




5. Тістеуікті пайдалана отырып суды тосын жағдайда төгуге арналған тығынды сүзгі қақпағынан алыңыз.




6. Су ағын тоқтатқан кезде сорғыштың қақпағын сағат бағытына қарсы тістеуікпен бұрап ағытыңыз да, сүзгіні алыңыз. Қақпақты алғанда су ағып кетсе сүртіп алу үшін шүберек әрқашан дайын тұрсын.


Сүзгіні ағып тұрған сумен жуып, мамық тұрып қалса оны алыңыз.






7. Сорғыш тағаны мен импеллеріндегі бөгде заттар мен мамықты алыңыз.




8. Сорғыш импеллерінің айналатын-айналмайтындығын тексеріңіз (ол кенет айналады). Айналмаса қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



9. Сүзгіні сорғыштағы орнына, тиісті бағыттағыштарға дәл келтіре отырып салыңыз. Сорғыш қақпағын сағат бағыты бойынша бұрап, мықтап жабыңыз.



10. Суды тосын жағдайда төгуге арналған тығынды сүзгі қақпағына салыңыз да, мықтап бұраңыз.




11. Сорғыштың есігін жабыңыз.

! **Назарыңызда болсын!** Құрылғы іске қосылып тұрған кезде, сорғышта ыстық су тұруы мүмкін, бірақ ол бағдарламаның қай түрінің таңдалғандығына байланысты. Жуу циклі кезінде сорғыш қақпағын ешқашан алмаңыз, әрқашан жуу циклі аяқталып, су төгілгенше күтіңіз. Қақпақты су жылыстап ағып не болмаса жас балалар бұрап алып қоймас үшін орнына мықтап бұрап қойыңыз.


Су құятын түтікшедегі сүзгілерді тазалау

Машинаға су құюға ұзақ уақыт кетіп жатқанын байқасаңыз, су құятын түтікшедегі сүзгінің бітелген-бітелмегенін тексеріп алыңыз.

1. Су құятын шүмекті жабыңыз.
2. Су құятын түтікшені бұрап ағытып алыңыз.
3. Түтікшедегі сүзгіні қатты қылдан жасалған шөткемен тазалаңыз.



4. Түтікшені шүмекке бұрап бекітіп қойыңыз.
5. Түтікшені машинадан ағытып алыңыз. Су ағып кетуі мүмкін, еден сүрткіш дайын тұрсын.
6. Клапандағы сүзгіні қатты шөткемен немесе шүберектің қиқымымен тазалаңыз.



7. Түтікшені машинаға қайта бұраңыз да, берік жалғанғанын тексеріңіз.
8. Су құятын шүмекті ашыңыз.

Тосын жағдайда суды сарку

Егер су сарқылмаса, машинадағы суды ағызу үшін төмендегі шараларды орындаңыз:

1. ашаны розеткадан суырып алыңыз;
 2. судың шүмегін жабыңыз;
 3. қажет болса су суығанша күтіңіз;
 4. сорғыш есігін ашыңыз;
 5. шыныаяқты еденге қойыңыз.
- Сүзгіден суды тосын жағдайда

- саркуға арналған тығынды алыңыз. Су шыныаяққа гравитациялық екпінмен ағып құйылады. Шыныаяқ суға толған кезде, тығынды сүзгіге қайта салыңыз. Шыныаяқтағы суды төгіңіз. Бұл әрекетті су ақпай қалғанша қайталаңыз;
6. қажет болса сорғышты осыған дейін айтылып өткендегідей тазалаңыз;
 7. сорғышты қайта бұрап қойып, есікті жабыңыз.

Мұздап қалуға қарсы сақтық шаралары

Машина температурасы 0°C градустан төмен түсіп кетуі мүмкін жерге орнатылса төмендегі әрекеттерді орындаңыз:

1. Ашаны розеткадан суырып алыңыз.
2. Су құятын шүмекті жабыңыз.
3. Су құятын түтікшені бұрап ағытып алыңыз.
4. Су құятын түтікшенің ұшын еденде тұрған шыныаяққа салыңыз да, сүзгінің суды тосын жағдайда саркуға арналған тығынын алып, суды ағызыңыз.
5. Сақтық қақпақшасын сүзгіге қайта салып, су құятын түтікшені орнына бұрап бекітіңіз.
6. Машинаны қайта іске қосқыңыз келген кезде, бөлме температурасының 0°C градустан жоғары екендігіне көз жеткізіңіз.

НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР...

Кейбір мәселелер қарапайым жөндеу жұмыстары орындалмағандықтан немқұрайлықтан туындайтындықтан, оларды арнайы маманды шақырмай-ақ оңай шешуге болады. Жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын төмендегі тексерулерді орындап шығыңыз.


Машина жұмыс жасап тұрған кезде **8** түймешігінің **қызыл** сигнал шамы жыпылықтап, бейнебетте төмендегі ескерту кодтарының бірі пайда болып, дәл осы уақытта дыбысты сигналдар

әрбір 20 секунд сайын беріліп машинаның жұмыс жасамай тұрғандығын білдіруі мүмкін:

- **E10** : су құюға қатысты ақаулық.
- **E20** : суды төгуге қатысты ақаулық.
- **E40** : есік ашық.


Бұл мәселені шешкен соң **8** түймешігін басып бағдарламаны қайта басыңыз. Осы тексерулерден соң да ақаулық қайта орын алса, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақаулық	Ықтимал сәбәбі/Шешімі
Машина іске қосылмай тұр:	<p>Есік жабылған жоқ. E40</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есікті нығыздап жабыңыз. <p>Аша розеткаға дұрыс сұғылған жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ашаны розеткаға сұғыңыз. <p>Розеткада электр қуаты жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үйдегі электр желісін тексеріңіз. <p>Негізгі сақтандырғыш жанып кеткен.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сақтандырғышты ауыстырыңыз. <p>Таңдау тетігі дұрыс қалыпқа қойылмаған және 8 түймешігі басылмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Таңдау тетігін бұраңыз да, 8 түймешігін қайта басыңыз. <p>Кешіктіріп бастау функциясы таңдалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді дереу жуу қажет болса, кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз. <p>Бала қауіпсіздігі құралы іске қосылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бала қауіпсіздігі құралын ажыратыңыз.
Машинаға су құйылмай тұр:	<p>Су құятын шүмек жабық. E10</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмекті ашыңыз. <p>Су құятын түтік бұратылып немесе жаншылып қалған. E10</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтіктің қосылымын тексеріңіз. <p>Су құятын түтіктегі сүзгі бітеліп қалған. E10</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтіктің сүзгісін тазалаңыз. <p>Есік дұрыс жабылған жоқ. E40</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есікті нығыздап жабыңыз.
Машинаның суы төгілмейді және/не ол айналмайды:	<p>Су құятын түтік қысылып немесе бұратылып қалған. E20</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суды төгетін түтік қосылымын тексеріңіз. <p>Су төгетін түтіктегі сүзгі бітеліп қалған. E20</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су төгетін түтіктегі сүзгіні тазалаңыз. <p>Аяқталғанда су әлі де машина ішінде қалатын немесе ешбір айналдыру циклдері орындалмайтын функция не бағдарлама таңдалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Суды төгу не айналдыру бағдарламасын таңдаңыз. <p>Кір барабанның ішіне біркелкі таратылып салынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірді қайта таратып салыңыз.
Еденге су аққан:	<p>Жуғыш зат тым көп не жарамайтын жуғыш зат (тым көп көбік пайда болады) қолданылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз не басқа жуғыш затты пайдаланыңыз. <p>Су құятын түтіктің жалғастырғыштарының бірінен су ақпай тұрғанын тексеріңіз. Су түтік арқылы төмен қарай ағатындықтан, мұны көру оңай бола бермейді; сондықтан да оның дымқыл еместігін тексеріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын түтік қосылымын тексеріңіз. <p>Су төгетін немесе құятын түтік бүлінген.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оның орнына жаңасын салыңыз. <p>Сүзгінің тосын жағдайда су төгуге арналған қақпағы жабылмаған немесе тазаланған сүзгі өз орнына дұрыс орнатылмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тосын жағдайда су төгуге арналған қақпақты қайта жабыңыз немесе сүзгінің шегіне дейін бұраңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
Жуу нәтижесі қанағаттанғысыз:	<p>Жуғыш зат өте аз немесе мүлде жарамсыз жуғыш зат қолданылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жуғыш заттың мөлшерін көбейтіңіз не басқа жуғыш затты пайдаланыңыз. <p>Оңай кетпейтін дақтар кірді жумай тұрып алдын ала кетірілмеген.</p> <ul style="list-style-type: none"> Оңай кетпейтін дақтарды сатудағы заттарды пайдаланып кетіріңіз. <p>Температура дұрыс таңдалмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> Температураны дұрыс таңдаған-таңдамағаныңызды тексеріңіз. <p>Кірдің салмағы шамадан артық.</p> <ul style="list-style-type: none"> Кірдің салмағын азайтыңыз.
Есік ашылмайды:	<p>Бағдарлама әлі жұмыс істеп тұр.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жуу циклі аяқталғанша күтіңіз. <p>Есік құлпы ашылған жоқ.</p> <ul style="list-style-type: none"> Мына  белгіше сөнгенше күтіңіз. <p>Барабанның ішінде су бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> Суды төгу үшін төгу не айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.
Машина дірілдегенде шуыл шығарады:	<p>Тасымалдау бұрандалары мен орам материалдары алынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз. <p>Тіреуіш аяқтары реттелмеген</p> <ul style="list-style-type: none"> Құрылғының дұрыс тіктеп орнатылғандығын тексеріңіз. <p>Кір барабанның ішіне біркелкі таратылып салынбаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> Кірді қайта таратып салыңыз. <p>Барабандағы кірдің көлемі тым аз болуы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> Кірді көбірек салыңыз.
Айналдыру кеш басталады не машина айналмайды:	<p>Теңсіздікті анықтайтын электронды құрал кір барабанның ішіне дұрыс таратылып салынбағандықтан іске қосылған. Кір барабан кері айналған кезде қайта таратылып салынады. Бұл салмақ теңсіздігі жойылып, барабан қалыпты айналғанға дейін бірнеше рет қайталануы мүмкін. Егер 10 минуттан соң барабан ішіндегі кір әлі де біртегіс таратылмаса, машина айналмайды. Мұндай жағдайда кірді қолмен таратып салыңыз да, айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Кірді қайта таратып салыңыз. <p>Кір тым аз салынған.</p> <ul style="list-style-type: none"> Кірді көбірек қосып салыңыз да, қолмен таратып болған соң айналдыру бағдарламасын таңдаңыз.
Машинадан тосын шуыл шығады:	<p>Машинаға әдеттегі моторларға қарағанда басқаша шуыл шығаратын мотор орнатылған. Мотордың бұл жаңа түрі машинаны неғұрлым баппен іске қосып, барабан айналып тұрған кезде кірді барынша біркелкі таратуға көмектеседі және машинаның орнықтылығын жақсартады.</p>
Барабанның ішінде су көрінбейді.	<p>Қазіргі технологияға сай жасалған машиналар суды өте аз пайдаланып тиімді жұмыс жасайды және бұл машинаның жұмысына еш әсер тигізбейді.</p>

Ақаулық	Ықтимал себебі/Шешімі
<p>Машина көптірмейді немесе дұрыс көптірмейді:</p>	<p>Кептіру уақыты немесе құрғақтық дәрежесі таңдалмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кептіру уақытын немесе құрғақтық дәрежесін таңдаңыз. <p>Су құбырының шүмегі ашылмаған. E10</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құятын шүмекті ашыңыз. <p>Су төгетін түтіктегі сүзгі бітеліп қалған. E20</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су төгетін түтіктегі сүзгіні тазалаңыз. <p>Машинаға салынған кірдің салмағы тым көп.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Барабандағы кір салмағын азайтыңыз. <p>Таңдалған кептіру бағдарламасы, уақыты немесе құрғақтық дәрежесі бұл кір үшін қолайлы емес.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл кір үшін қолайлы кептіру бағдарламасын, уақытын немесе құрғақтық дәрежесін таңдаңыз.
<p>Бу бағдарламасынан кейін киім жартылай дымқыл болып тұр.</p>	<p>Құрылғы деңгейі дұрыс орнатылмаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрылғы деңгейін тексеріңіз де, сирағын ұзарту немесе қысқарту арқылы реттеп орнатыңыз.
<p>Бу бағдарламасынан кейін киім-кешектердің қыртысы жазылмай тұр.</p>	<p>Теріс БУ бағдарламасы таңдалған (мысалы, мақта матаның орнына синтетика таңдалған).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мата талшықтарының құрамына назар аударыңыз. <p>Кірдің салмағы шамадан артық.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кірдің салмағын азайтыңыз.

Егер ақаулықтың орын алғанын білмей немесе оны шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Телефон шалудан бұрын машинаның үлгісін, сериялық нөмірін және оны сатып алған күнді жазып алыңыз: бұл ақпарат қызмет көрсету орталығына қажет.



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТАМА

Өлшемдері	Ені Биіктігі Тереңдігі	60см 85см 63см
Электртоғына қосу Кернеу – Жалпы қуат - Сақтандырғыш	Электр қосылымына қатысты мәлімет құрылғы есігінің ішкі жиегінде орналасқан техникалық ақпарат тақтайшасында берілген.	
Сумен жабдықтау қысымы	Ең азы Ең көбі	0.05 МПа 0.8 МПа
Ең үлкен салмақ	Мақта мата	7 кг
Ең үлкен құрғақ салмақ	Мақта мата Көп мөлшердегі мақта мата Синтетика	3.5 кг 5 кг 2 кг

Айналдыру жылдамдығы	Ең көбі	1600 айн/мин
----------------------	---------	--------------

ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ

Бағдарлама	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Тұтынылатын су (литр)	Бағдарламаның ұзақтығы (минут)
Ақ мақта мата 90°	2.1	62	Бағдарламалардың ұзақтығын басқару панеліндегі бейнебеттен көріңіз.
Мақта мата 60°	1.35	58	
Қуатты үнемдейтін, мақта матаға арналған бағдарлама - 60° ¹⁾	1.19	45	
Мақта мата 40°	0.75	58	
Синтетика 40°	0.55	51	
Нәзік мата 40°	0.55	63	
Жүн мата/ Қолмен жуу 30°	0.25	58	

1) 7 кг салмаққа арналған «Мақта мата, үнемді 60°» бағдарламасы, қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде ЕЕС 92/75 стандартына сай берілген бағдарлама.


i Бұл кестеде көрсетілген тұтыну деректері тек жалпылама ұсыныс ретінде ғана берілген, себебі бұл мәндер кірдің мөлшері мен түріне, құйылатын судың температурасы мен бөлме температурасына байланысты әр түрлі мүмкін.

ОРНАТУ


Қораптан шығару

Құрылғыны пайдаланбас бұрын барлық орауыштары мен оны тасымалдау үшін қолданылған бекіткіштерін алу қажет. Бұл тасымалдау құралдарын машина қайтадан көшірілетін жағдай туса пайдалану үшін сақтап қоюды ұсынамыз.


1. Барлық орауыштарын алған соң машинаны ұқыппен шалқайтып жатқызыңыз да, табанындағы полистирол төсенішті алыңыз.




2. Қорек сымын алыңыз да, су құятын және суды сарқитын түтікшелерді құрылғының арт жағында орналасқан орындарынан алыңыз.




3. Үш шегенің үшеуін де ағытып алыңыз.




4. Пластик нығыздағыштарды да алыңыз.



5. Есікті ашыңыз да оның тығыздағышындағы полистирол текшелерді алыңыз.




6. Кішірек үстіңгі тесік пен екі үлкен тесікті, нұсқаулық кітапшасы салынған қалтадағы пластик тығындармен тығындаңыз.



Орналастыру

Машинаны тегіс қатты еденнің үстіне орналастырыңыз. Кілем не еден сүртетін шүберек т.с. заттар машина айналасында ауа еркін айналуға кедергі жасамай тұрғандығын тексеріңіз. Машинаның қабырға не ас үй жиһаздарының біріне тиіп тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Машинаны сирақтарын көтеру не төмен түсіру арқылы тіктеп қойыңыз. Сирақтарды көтеру не төмен түсіру оңай болмауы мүмкін, себебі олар арнайы бекіткіш тетік арқылы құрастырылған, бірақ машинаны **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ** тіктеп, орнықты етіп орнату қажет. Қажет болса, деңгейді ватерпас көмегімен тексеріп көріңіз. Қажетті түзетулерді гайка кілтінің көмегімен жүзеге асыруға болады. Құрылғыны дұрыс тіктеп орнату діріл, шу, не машина іске қосылып тұрған кезде орнынан жылжып кетпеуге көмектеседі.


! **Сақтандыру туралы ескерту!** Еденнің қандай да бір кедір-бұдырын машинаның астына тақтай, ағаш не сол сияқты заттарды қою арқылы тегістеуге тырыспаңыз.



Машинаға су құю

! **Назарыңызда болсын! Бұл құрылғыны суық сумен жабдықтау жүйесіне қосу қажет.**


1. Құрылғымен қатар жеткізілген су құятын түтікшені су шүмегіне 3/4" тығырығы арқылы қосыңыз. Өрқашан құрылғымен қатар жеткізілген түтікшені пайдаланыңыз.



Өте маңызды! Машинаны су жүйесіне жалғау үшін бұрынғы машинадан қалған түтіккі пайдаланбаңыз.

2. Су құятын түтікшенің машинаға жалғанатын ұшын суретте көрсетілгендегідей айналдыруға болады. Су құятын түтікшені төмен қаратып қоймаңыз.

Су шүмегінің қалай орналасқанына байланысты түтікшені оңға не солға қарай бұрыш жасатып қойыңыз.



3. Шығырық тәрізді тығырықты босату арқылы түтікшені дұрыстап орнатыңыз. Су құятын түтікшені дұрыс орналастырған соң су жылыстап ағып кетпес үшін шығырық тәрізді тығырықты қатайтып бұрауды ұмытпаңыз.

Су құятын түтікшені ұзартуға болмайды. Егер ол тым қысқа болса және су шүмегін орнынан жылжытқыңыз келмесе, осындай мақсатта қолдануға арналған жаңа әрі ұзын түтікшені сатып алуыңыз қажет.


Өте маңызды! Машинаны жаңа құбырға не көп уақыт пайдаланылмаған құбырға қоспас бұрын осы құбыр ішінде тұрып қалған қалдық не кірді суды жеткілікті мөлшерде ағызу арқылы шайыңыз.

Суды сарқу


Суды сарқитын түтікшенің ұшын үш түрлі жолмен орнатуға болады:

- **Раковинаның ернеуінен асыра оның ішіне** машинамен қатар жеткізілген

пластик бағыттағыш арқылы салып қою. Бұл үшін машина суы сарқылып тұрған кезде түтікше ұшының раковина ернеуінен шығып кетпеуін қамтамасыз етіңіз. Бұл үшін оны шүмекке баумен байлап бекітуге не қабырғаға бекітіп қоюға болады.



- **Раковина жуынды суын сарқитын құбыр тармағына жалғау арқылы.** Бұл тармақ сифонның үстіңгі жағында орналасуы керек, сонда ол жерден кем дегенде 60 см биіктікте тұрады.
- **Жуынды су құбырына** 60 см-ден кем емес, 90 см-ден артық емес биіктікте жалғануға тиіс. Су сарқитын түтікшенің ұшы әрқашан желдетіліп тұруға тиіс, яғни жуынды су құбырының ішкі диаметрі бұл түтікшенің сыртқы диаметрінен үлкен болуға тиіс. Су ағызатын түтікше жаншылып қалмауға тиіс.



Су төгетін түтікті көп дегенде 4 метрге ұзартуға болады. Қосымша су төгетін түтік пен оны жалғастыратын тетік жергілікті қызмет көрсету орталығында болады.

ЭЛЕКТРТОҒЫНА ҚОСУ


Электр қосылымына қатысты мәлімет, құрылғы есігінің ішкі қырында орналасқан техникалық ақпарат тақтайшасында берілген.


Үйдегі электр желісінің басқа да электр құрылғыларын қоса алғанда максимум қажетті жүктемені көтере алатындығын тексеріңіз.

 **Машинаны жерге қосылған розеткаға жалғаңыз.**


 **Жоғарыда көрсетілген сақтық шарасы орындалмағандықтан**

машина бүлінсе немесе адам жарақат алса, өндіруші еш жауапкершілік көтермейді.


 **Құрылғыны орнатып болған соң қорек сымы қол оңай жететін жерде тұруға тиіс.**

 **Құрылғының қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.**

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Бұйымдағы немесе бұйым қорапшасындағы  белгісі осы бұйым кәдімгі үй қалдығы емес екенін көрсетіп білдіреді. Сондықтан оны ескі электр және электроникалық бұйымдарды жинап утилизация үшін арнайы контейнерлерге салуыңыз керек. Осы бұйымды дұрыс түрде утилизация арқылы Сіз қоршаған орта менен адам денсаулығына түсіп пайда бола алатын зиянын болдыртпауын үшін үлес қоса аласыз; осы зиян бұл бұйымды дұрыс емес қолданғанда пайда болуы мүмкін. Осы бұйымның утилизациясы туралы көбірек білуіңіз үшін жергілікті әкімшілігіңізбен, қалдықтарды жинап әкететін мекемеңізбен немесе осы бұйымды Өзіңізге сатқан дүкенімен хабарласыңыз.

Орам материалдары

Қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдар  белгішесі арқылы белгіленген.

>PE<=полиэтилен

>PS<=полистирол

>PP<=полипропилен

Бұл аталмыш материалдарды тиісті жәшіктерге дұрыс салып тастаған жағдайда қайта өңдеуден өткізуге болатындығын көрсетеді.

Экологияға қатысты ақыл-кеңес

Су мен қуатты үнемдеу арқылы қоршаған ортаны қорғауға өз септігіңізді тигізу үшін төмендегі кеңестерді орындауды ұсынамыз:

- Қалыпты кірлеген кір киімді жуғыш затты, су мен уақытты(қоршаған орта да қорғалады!)үнемдеу үшін алдын ала жумай-ақ жууға болады.
- Кірді толтыра салған кезде машина неғұрлым тиімді жұмыс жасайды.
- Дақ пен кірді алдын ала дұрыс тазалау арқылы кетіруге болады; содан соң кірді төменгі температурада жууға болады.
- Жуғыш затты судың кермектігі, кірдің ауқымы және жуылатын кірдің мөлшеріне қарай өлшеп алыңыз.



www.electrolux.com/shop

